


*Тамыз кеңесіне қош
келдіңіздер!*

Тақырыбы:
«Қазақ тұрмысындағы
дәстүрлі ши тоқудан
ұлттық ою-өрнек
элементтерін дамытып,
жаңғырту»



A decorative golden floral border with intricate scrollwork and leaf patterns, arching over the top and down the left side of the page.

Мақсаты:

Көне заманнан келе жатқан ата кәсіп иі тоқу қолөнерін зерттеп, дәріптеу.

Ұлттық өнерге қызығушылығын арттыру, ұлттық дәстүрге тәрбиелеу;

Ғасырлар бойы дамып келе жатқан иі тоқуды үйрену;

Міндеті

- *Ши тоқу қолөнерінің тарихын анықтау*
- *Қазіргі кездегі ши тоқудың орны*
- *Ши тоқу өнерінің болашағын
болжамдау*
- *Ши тоқуды технология сабағында
дәріптеуі*

**Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігі білім бөлімінің “№3
балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығы**



**«Шебер» үйірмесінің
қосымша білім беру
педагогы: Чоембаева А.Н**

Топқа бөлу. «Бағдаршамның түстері»

Барысы: Оқушылар бағдаршамның түстері көрсетілген қима қағаздарды таңдап алады. Қима қағазда көрсетілген түстер бойынша үш топқа бөлінеді. Әр түстің өзінің атқаратын қызыметі бар. Қызыл түс бүгінгі сабақтың ұтымды жақтарын, сары түс оқушылардың жіберген қателіктерін айтады. Ал, жасыл түс бүгінгі сабақты қорытындылайды.

«Кел ойнайық» атты әріп ойынын ойнау.

Ш Қ Т У О И

1 5 3 6 4 2

Шиден тоқылған бұйымдар



Шу өсімдігі



Шидің шығу тарихы

Ши тоқу – көне кәсіп Ши тоқу – бұрын көшпелі және жартылай отырықшылдықта тіршілік еткен Орта Азия халықтарына ескі заманнан белгілі өнер. Зерттеушілердің айтуынша, ши орау өнері өте ерте заманда XV ғасырдан бастап дамыған көрінеді. Қазақстанның дала, шөлейт аймақтарында, тау беткейлерінде, әдетте, суға жақын жерлерде өседі. Қыста мал жайылымына таптырмас бұл өсімдіктің сабағын қазақтар ши тоқу үшін қолданған. Ал табиғатта кездесетін әр дүниені өз керегіне жарата білу, тіпті қу шидің өзін пайдасына асырып, оның күнделікті тұрмыста, шаруашылықта орнын айқындап, мәні мен маңызын аша білу – ата-бабаларымыздың тек біліктілігінің ғана емес, сондай-ақ шеберлігінің де арқасы деп түсінген жөн. Иран, Қытай, Монғолия, Тибет, Ресей, Еуропа бөлігінің оңтүстік шығысында кездеседі.

Ши туралы түсінік

Ши – астық тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік түрі. Биіктігі 50—220 см, сабағы көп, мықты, тік өседі, түсі қошқыл жасыл, екі жағы да тықыр, тұп жағы көптеген ескі жапырақты шым түзейді. Жапырақтары ұзын, жіңішке (ені 3—2 мм), өте қатты. Сыпыртқысы жіңішке, ұз. 15—50 см, масағының ұз. 5—6 мм, ақ не күлгін түсті. Мамыр—шілдеде гүлдеп жеміс салады. Оңтүстік Қазақстанда дала, шөлейт аймақтарда, көбінесе тұщы суы жақын жерлерде өседі. Қыста жақсы мал жайылымы, ұзын сабақтарынан ши тоқылады, гүл шоғыры мен қысқа сабағынан сыпыртқы жасайды.




Қауіпсіздік ережесі

- * *Шиді қолданғанда өте абай болу керек.*
- *Қайшыны жолдасына үшкір жағын өзіңе қаратып беру керек.*
- *Қайшының жүзін жабық түрінде келтіріп, партаның оң жағына қой.*
- *Тоқыма жіптің қылшықтары аузыңа кіріп кетпесін.*
- *Желіммен жұмыс жасап болған соң міндетті түрде қолыңды жу.*



Жасалу жолдары

1. Жиек ағашқа ара қашықтығы 10-15 см. етіп жіп керу.
2. дайындап әкелген эскиздерін жіптің астынан жиек ағашқа бекіту.
3. Шиді суреттің төменгі шетіне қойып сурет бойынша белгілер салу.
4. Белгілер бойынша суретке сөйкес түсті жіптерді орау.
5. Оранған шиді алғашқы орнына қойып сабақ жіпті шалып байлау.





Ұстаз болу – жүректің
батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің
ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн
шуағы,
Азбайтұғын адамның
алтындығы.

